

« 8D02205 – Археология және этнология » білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ишкалова Гульбану Исмагуловнаның «Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы: тарихи-этнологиялық зерттеу (XVIII ғ. – XX ғ. басы) » тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШҚІРІ

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Г.И. Ишкалованың «Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы: тарихи-этнологиялық зерттеу (XVIII ғ. – XX ғ. басы)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдамасының (2013 жыл 299 сәуір № 408 қаулы) мақсаты мен міндеттеріне; ҚР-ның Парижде қабылданған материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияны ратификациялау туралы Заңының (2011 жыл 21 желтоқсан № 514-IV) мақсаттары, ұлттық және халықаралық деңгейде қорғау ережелеріне толықтай сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы мақұлдаған (2020 жыл 29 сәуір) ғылымды дамытудың 2020–2023 жылдарға арналған басым бағыттарының, атап айтқанда, «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес орындалған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс отандық этнология ғылымында тұңғыш рет кешенді зерттеліп отырған тақырып. Зерттеуде қол жеткізілген ғылыми тұжырымдар, нәтижелер және практикалық маңызы ғылымның дамуына елеулі үлес қосады. Диссертант шетелдік және отандық тарих ғылымында қалыптасқан концепциялар мен теорияларды негізге ала отырып, өзіндік ғылыми тұжырым жасап, теориялық үлгісін жасаған. Қазақ дәстүрлі аңшылығына қатысты деректер жинақталып, сараланған; тарихнамалық талдау жасалып, негізгі зерттеу бағыттары айқындалған. Дәстүрлі аңшылық көшпелі өркениеттің құрамдас бөлігі ретінде жергілікті табиғи

			<p>ландшафтқа бейімделуі негізінде қарастырылып, қазақ халқының тіршілікқамы жүйесіндегі орны ашылған.</p> <p>2019-2022 жж. автордың далалық экспедиция материалдары жазбаша, фольклорлық материалдар, мерзімді басылымдар және жарияланбаған архив құжаттарымен толықтырылып, ғылыми айналымға енгізілген. Зерттеудің ғылыми қорытындылары тың, бұрын жарияланбаған деп бағаланады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Ізденуші Г.И. Ишкалованың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Өйткені зерттеу жұмысы тарихнамалық және теориялық-методологиялық тұрғыдан толық талданған. Далалық этнографиялық материалдар басқа деректермен кешенді пайдаланылған. Ғылымда қалыптасқан рационалды тандау теориясы, этникалық экология және т.б. теориялар мен концепциялар негізінде қазақ халқының дәстүрлі аңшылығының қазақ қоғамындағы мәні мен орны ғана емес оның құлдыруы да объективті түрде айқындалған. Сонымен қатар табиғи ландшафтты дәстүрлі аңшылықта пайдалану мәселесі қарастырып, нақтыланған. Қазақ аңшылығының қоршаған орта мен адам арасындағы байланысты реттеуші ролі «құрылғы» теориясы арқылы айқындалып, негізінде дәстүрлілігінің жойылу себептері ашылған. Осы тұрғыдан зерттеу жұмысы іргелі теориялар мен ғылыми тұжырымдамаларға сүйене отырып, мазмұны жүйелі және логикалық бірізділікпен жүйелі баяндалып, өзі жазу принципі сақталған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының өзектілігі жан-жақты негізделген. Зерттеуші тақырыптың маңыздылығын әлемдік тәжірибедегі материалдық емес мәдени мұраларды сақтау және қорғау бағдарламаларымен байланыстырып, Қазақстан Республикасында аталған бағыттың жүзеге асуы арқылы мазмұндаған. Қазақ аңшылығын зерттеу, оны сақтау, қорғау және насихаттау тарихи қажеттілік, тарихи сабақтастық тұрғыдан ғана емес, мемлекетіміз тарапынан қабылданған заңдар, бағдарламалар мен тұжырымдамалар негізінде айқындалған. Дәстүрлі аңшылық тарих ғылымының аспектісі ретінде шектелмей, география, зоология, ауыл шаруашылығы және т.б. бірқатар ғылым салаларын біріктіретін тақырып екені дәлелденген.</p> <p>Зерттеуші Г.И. Ишкалованың диссертациялық жұмысының мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Құрылымы ұтымды құрастырылып, бірізділікпен ерекшеленеді. Диссертацияның тілі жатық, оқуға жеңіл, мазмұндық баяндалу желісі жүйелі, зерттеу нысаны ғылыми-теориялық тұрғыдан дәлелді. Хронологиялық шеңбері сақталып, дәстүрлі аңшылықтың қазақ қоғамындағы және оның шаруашылықтың бір саласы</p>

		<p>ретіндегі маңызы мен орны толықтай ашылған. Сондықтан да диссертация мазмұны мен тақырыбы айқындалған деп есептейміз.</p> <p>Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Автор қазақ халқының дәстүрлі аңшылығын тарихи-этнологиялық тұрғыда кешенді қарастырып, тақырыпқа қатысты деректерді жүйелеген; тарихнамалық талдау жасаған; аңшылық институтының генезисін қарастырған; типологиясын жасаған; тәсілдерін топтастырып, жүйелеген; жарияланбаған архив құжаттары мен ауызша материалдарды ғылыми айналымға енгізген; қазақ халқының тіршілікқамы жүйесіндегі орны айқындалған; дәстүрліліктің жойылу себептері ашылған; материалдық емес мәдени мұра ретінде аңшылыққа байланысты салт-дәстүрлер, наным-сенімдер мен құрал-жабдықтары, этномедицина және сақталуы мен даму перспективалары негізделген.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері логикалық байланысқан және диссертацияның мазмұнын ашуға бағытталып, ішкі құрылымы бірізді және ғылыми нәтижелері мақсат-міндеттеріне негізделіп, сәйкесінше нақтыланған. Дегенмен 2-тараудың 2-тараушадағы аңшылықтың түрлері мен тәсілдерін қарастыруда басқа халықтардың аңшылық тәсілдерімен салыстыра зерттегенде жөн болар еді. Өйткені, қазақ халқының аңшылығы басқа түрік халықтары және байырғы көшпелі халықтардың аңшылығымен ұқсастықтары бар. Бұл оның қайнаркөздерін тереңірек айқындауға мүмкін берер еді.</p> <p>Жалпы, диссертант зерттеу жұмысын жазу барысында қойылған міндеттерді тиімді шешу мақсатында тарихилық, объективтілік және құрылымдық-функционалдық, анализ және синтез, тарихи-салыстырмалы және далалық зерттеу әдістерін тиімді пайдаланған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Диссертант әрбір бөлімді жүйелі баяндап, дәлелді салыстырған және сыни талдау жасаған, жаңа шешімдер ұсынған. Автор терең тарихнамалық талдау жасап, қазақ аңшылығының әртүрлі кезеңдерде зерттеушілер тарапынан шаруашылық, өнер, номадизмнің бір элементі секілді бағыттарда қаралғаны айқындалған. Аңшылықтың қызметі мен мақсаты ашылған. Сонымен, дәстүрлі социумда қазақ аңшылығының маңызы мен орны айқындалған. Мәселенің материалдық емес мәдени мұра ретінде сақталуы мен даму перспективалары сараланып, жаңғырту қажеттіліктері дәйектелген.</p>	
<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидағтары негізінен жаңа болып табылады.</p> <p>- Отандық этнология ғылымында қазақ халқының дәстүрлі</p>	

	<p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>; 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p>	<p>аңшылығы алғаш рет көшенді түрде зерттеліп, типологиясы жасалды. Бұл толықтай жаңалық болып табылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығының тіршілікқамы жүйесіндегі орны айқындалып, ол теориялық тұрғыдан дәлелденген. Бұл жартылай жаңалығын білдіреді. - Фольклорлық материалдар тақырыпқа қатысты дерек ретінде пайдаланылып, жарияланбаған архив құжаттары ғылыми айналымға енгізілген. Бұл толықтай ғылыми жаңалық. - Қазақ халқының табиғи ландшафтқа бейімделуі дәлелденіп, аңшылықтың трансформацияға ұшырау себептері айқындалған. Бұл зерттеудің толық ғылыми инновациясына жатқызуға болады. - Жазба деректер негізінде патшалық Ресейдің қазақ даласындағы аңшылыққа қатысты жүргізген саясаты нақтыланды. Бұл жартылай ғылыми жаңалық болады. - Қазақ аңшылығының трансформацияға ұшырауы, яғни жабайы аңшылыққа айналуы «құрылғы» теориясы арқылы түсіндіріліп, аңшылық шаруашылықтың адам мен табиғат арасындағы реттеуші рөлі айқындалған. Бұл диссертацияның толықтай жаңалығы толып табылады. - Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығын зерттеу барысында «XIXғ. 90-жж. – XXғ. басындағы Қазақстанның аңшылық алқаптары» атты карта жасалып, оған авторлық құқық алынған. Бұл толықтай ғылыми жаңалық. - «Патша-жолбарыс» атты жолбарысты аулау тәсілдері, жойылуы және реинтродукциялау жайлы бейнематериал дайындалуы қазақ аңшылығын насихаттауға қосқан үлесі болып табылады. Сонымен қатар аңшылық алқаптары жайлы интербелсенді карта жасалып, онда аңдарды аулау туралы мәліметтер негізделген. Бұл ғылыми-көпшілік бейнематериал ғылымда жаңалық бола алады. <p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу барысында айқындалған тұжырым: «Қазақтар қоршаған орта, яғни табиғи ландшафт ерекшеліктеріне сәйкес көшпелі мал шаруашылығымен қатар аңшылықпен алғашында әуесқойлықпен, кейін күнкөріс көзі ретінде айналысты. Осы көшпелі өмір салтына қарай аңшылықтың түрлері қалыптасты және ол осы ерекшелікке байланысты қосалқы кәсіпті құрады. Қазақ халқы күнделікті өмір сүру мәдениетінде тіршілікқамы жүйесін (дәстүрлі киім, тағам), қоршаған ортаны дәстүрлі қолдану мәдениетін (өлке ландшафтын меңгеру, аңды бет алды атпау), бастапқы өндіріс мәдениетін (тері илеу, қауырсынын алу және т.б.)</p>
<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>; 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p>	<p>аңшылығы алғаш рет көшенді түрде зерттеліп, типологиясы жасалды. Бұл толықтай жаңалық болып табылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығының тіршілікқамы жүйесіндегі орны айқындалып, ол теориялық тұрғыдан дәлелденген. Бұл жартылай жаңалығын білдіреді. - Фольклорлық материалдар тақырыпқа қатысты дерек ретінде пайдаланылып, жарияланбаған архив құжаттары ғылыми айналымға енгізілген. Бұл толықтай ғылыми жаңалық. - Қазақ халқының табиғи ландшафтқа бейімделуі дәлелденіп, аңшылықтың трансформацияға ұшырау себептері айқындалған. Бұл зерттеудің толық ғылыми инновациясына жатқызуға болады. - Жазба деректер негізінде патшалық Ресейдің қазақ даласындағы аңшылыққа қатысты жүргізген саясаты нақтыланды. Бұл жартылай ғылыми жаңалық болады. - Қазақ аңшылығының трансформацияға ұшырауы, яғни жабайы аңшылыққа айналуы «құрылғы» теориясы арқылы түсіндіріліп, аңшылық шаруашылықтың адам мен табиғат арасындағы реттеуші рөлі айқындалған. Бұл диссертацияның толықтай жаңалығы толып табылады. - Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығын зерттеу барысында «XIXғ. 90-жж. – XXғ. басындағы Қазақстанның аңшылық алқаптары» атты карта жасалып, оған авторлық құқық алынған. Бұл толықтай ғылыми жаңалық. - «Патша-жолбарыс» атты жолбарысты аулау тәсілдері, жойылуы және реинтродукциялау жайлы бейнематериал дайындалуы қазақ аңшылығын насихаттауға қосқан үлесі болып табылады. Сонымен қатар аңшылық алқаптары жайлы интербелсенді карта жасалып, онда аңдарды аулау туралы мәліметтер негізделген. Бұл ғылыми-көпшілік бейнематериал ғылымда жаңалық бола алады. <p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу барысында айқындалған тұжырым: «Қазақтар қоршаған орта, яғни табиғи ландшафт ерекшеліктеріне сәйкес көшпелі мал шаруашылығымен қатар аңшылықпен алғашында әуесқойлықпен, кейін күнкөріс көзі ретінде айналысты. Осы көшпелі өмір салтына қарай аңшылықтың түрлері қалыптасты және ол осы ерекшелікке байланысты қосалқы кәсіпті құрады. Қазақ халқы күнделікті өмір сүру мәдениетінде тіршілікқамы жүйесін (дәстүрлі киім, тағам), қоршаған ортаны дәстүрлі қолдану мәдениетін (өлке ландшафтын меңгеру, аңды бет алды атпау), бастапқы өндіріс мәдениетін (тері илеу, қауырсынын алу және т.б.)</p>	

		<p>қалыптастырды. Ресейдің отарлау саясатының күшеюі, жер мәселесінің шиеленісуі, халықтың кедейленуі, көршілес елдермен сауда-саттыққа қазақтардың тартылуы нәтижесінде аңшылық трансформацияға ұшырап, сауда, айырбас көзіне айналды. Аңшылықтың қазақ тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып жатуына байланысты оған қатысты салт-дәстүрлер мен наным-сенімдер қалыптасты. Дәстүрлі аңшылық қоршаған ортаны тану, оған бейімделу, оны қорғауға тәрізделді». Осы келтірілген тұжырымдардың барлығы жұмыстың қорытынды нәтижелерінің жаңа екендігін көрсетеді.</p>	<p>Зерттеу жұмысы әлеуметтік ғылымдар шеңберінде орындалуына байланысты техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері қарастырылмаған. Сол себепті бұл бағалау өлшемі қисынсыз. Сонымен қатар диссертациялық жұмыстың қорытындысында келтірілген ұсыныстарды тарихи-этнологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуде, аңшылық музейлерін ұйымдастыруда, аңшылық мектептері, аңшылар мен егерлер үшін интернет-порталдарды құрастыруда және аталған салада жарыстарды ұйымдастыруда пайдалануға болады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>; 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p> <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және <u>гуманитарлық бағыттары бойынша</u>)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Автор этникалық экология теориясына сүйене отырып, қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы көшпелі өмір салтына сай қалыптасқанын көрсеткен. Ал, оның материалдық емес мәдени мұра ретінде халық жадында сақталуы мен даму перспективалары аңшылықты реттеуге бағытталған шетелдік жабайы табиғатты сақтау моделіне негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) <u>шамамен дәлелденді</u>; 3) <u>шамамен дәлелденбеді</u>; 4) <u>дәлелденбеді</u> 7.2 Трививалды ма? 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u> 7.4 Қолдану деңгейі: 1) <u>тар</u>;</p>	<p>Бірінші қағидатында қазақ дәстүрлі аңшылығына қатысты деректер қоры жинақталды және сарапталды; зерттелу деңгейі негізінде тарихнамалық талдау жасалып, қазақ аңшылығының әртүрлі кезеңдерде және зерттеушілер тарапынан әртүрлі бағыттарда зерттелгені айқындалды деп тұжырымдалған. Аталған қағидат бойынша заттай, жазбаша, мерзімді басылым, далалық экспедиция материалдары және көркем сурет пен фото суреттермен қатар, фольклорлық материалдар ғылыми айналымға енгізілген. Тарихнамалық тұрғыдан қазақ аңшылығының зерттелу бағыттары айқындалған. 7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ; 7.3 ия; 7.4 кең. 7.5 ия. Екінші қағидатында тарихнамада алғаш рет қазақ дәстүрлі аңшылығы</p>

2) орташа;

3) кең

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) ия;

2) жоқ

тіршілікке жүйесінің бір элементі ретінде қарастырылып, оның бастапқы кезеңде табиғат пен әлеуметтік факторларға, ал Ресей империясының отарлауымен мемлекеттік институттарға тәуелді болғандығы айқындалған. Яғни, қазақ аңшылығының дәстүрлілік мәні мен оған қатысты патшалық Ресейдің жүргізген саясаты нақтыланған.

7.1 дәлелденді;

7.2 жоқ;

7.3 ия;

7.5 кең.

Үшінші қағидатында қазақ халқының негізгі шаруашылық түрі мал шаруашылығы болғандықтан және негізгі өнімді халық мал шаруашылығынан алуына байланысты аңшылық өнімге деген қажеттілік аз болған. Әрі қарай тіршілікке теориясы негізінде аңшылықтың қазақ қоғамындағы орны айқындалып, оның қосалқы кәсіпті құруы тұжырымдалған.

7.1 дәлелденді;

7.2 жоқ;

7.3 ия;

7.4 кең;

7.5 ия.

Төртінші қағидатында қазақ халқының ғасырлар бойы көшпелі өмір жағдайында табиғи ландшафтты аңшылықта тиімді пайдаланып, өзіндік дәстүрлілік қалыптастырып, бірақ XIX ғасырда бұл кәсіптің дәстүрлілігі бұзылып, аңшылықтың трансформацияға ұшырау себептері ашылды деп тұжырымдалған. Аңшылық шаруашылықтың трансформацияға ұшырау себептерін айқындау осы қағидатқа жатады.

7.1 дәлелденді;

7.2 жоқ;

7.3 ия;

7.4 кең;

7.5 ия.

Бесінші қағидатында архив құжаттары негізінде қазақ даласындағы аңшылықтың даму барысы мен оған қатысты патшалықтың қабылдаған заңдары, аңшылықты реттеу туралы шаралары көрсетілген. Орыс патшасының қыран құстарға қызығып, өз қызығушылығы үшін оларды сарайда ұстау және аңға шығу үшін арнайы іздеу жүргізіп, қазақ құсбегілігілерін патша сарайы маңындағы аңшылар тобына шақыруы айқындалған.

7.1 дәлелденді;

<p>7.2 жоқ; 7.3 ия; 7.4 кең.</p>	<p>Алтыншы қағидатында қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы – адам мен қоршаған орта арасындағы тікелей және қарымта байланысты реттеуші ретіндегі орны нақтыланып, осы байланыстың үзілуі оның әлсіреуіне ғана емес, бүкіл тіршілікқамы жүйесінің өзгеруіне алып келуі айқындалған. Анықтау барысында қолданған теориясы өте маңызды.</p> <p>7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ; 7.3 ия; 7.4 кең; 7.5 ия.</p> <p>Жетінші қағидатында дәстүрлі қоғамда саят құстарымен, тазы жүгірту және әртүрлі құралдар мен тәсілдер арқылы аң қағу қалыптасты деп тұжырымдап, көшпелі өмір салты ерекшеліктеріне сәйкес қазақ аңшылығының типологиясы ұсынылған.</p> <p>7.1 дәлелденді 7.2 жоқ; 7.3 ия; 7.4 кең.</p> <p>Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер жоспарлы түрде диссертация мазмұнын ашатын тақырыптарға сәйкес республикалық және шетелдік басылымдарда 7 мақала жарияланды: оның ішінде ҚР ҒҰЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті таралынан бекітілген отандық ғылыми журналдарда 3 мақала; республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларда 3 мақала; «Web of Science» және «Scopus» халықаралық деректемелер базасына қатар енетін журналда 1 мақала жарияланған.</p>	<p>Зерттеуші диссертациялық жұмысын жазу барысында әдіснаманы нақты таңдап, оны негіздей алған. Кіріспеде тақырыптың теориялық-методологиялық мәселелерін айқындап алған соң, автор 1.1 тараушада зерттеу мәселесі бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың теориялары мен концепцияларын мәселені шешу жағдайына қарай түсіндірілген.</p>
		<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>
		<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың</p>
8.		

<p>дәйектілігі</p>	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u></p>	<p>Диссертациялық жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Атап айтсақ, Corel Draw графикалық редактор бағдарламасы бойынша картографиялық әдісті қолдана отырып, «ХІХғ. 90-жж. – ХХғ. басындағы Қазақстанның аңшылық алқаптары» атты карта жасалған. Аталған картаға 2023.27.02. № 33070 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік алынған.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u></p>	<p>Автордың теориялық қорытындылар мен ұсыныстары нақты материалдарға негізделген. Деректерге сүйене отырып, аңшылықтың бірегей тәсілдерінің бірі – тұлып арқылы аулау реконструкцияланып, жойылып кеткен мүлдем мәлімет жоқ бүркіт биі айшылған. Далалық этнографиялық материалдар шебер қолданылып, аңшылықтың бүгінгі күнгі сабақтастығы Google Forms онлайн құрылғысы арқылы саунама алынып, талданған.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді түрде ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттердің аясы кең және тақырыпты барынша ашуға мүмкіндік береді. Ғылыми зерттеу бойынша негізге алынған шетелдік және отандық еңбектер, далалық экспедиция материалдары мен қосымшалар зерттеу еңбектеріне қойылатын талаптарға сай рәсімделген.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Зерттеушінің пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті болып табылады. 232 зерттеу, 20 дерек беруші берілген.</p>
<p>9</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u></p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p>	<p>Зерттеу жұмысының теориялық маңызы бар. Өйткені, қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы рационалды таңдау, этникалық экология, тіршіліккамы, «құрылғы», әлеуметтік факт теориялары арқылы негізделген. Бұл мәселенің мәнін, дәстүрлілігін және трансформацияға ұшырау себептерін ашуға мүмкіндік беріп, аңшылықтың материалдық емес мәдени мұра ретінде сақтау мен дамыту мәселелерін реттеуге мүмкіндік береді.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Атап айтсақ, зерттеу материалдарын «Этнология», «Этникалық мәдениет», «Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы», «Қазақ халқының көшпелі қоғамы» және</p>

	2) жоқ	«Тарихи өлкетану» пәндері бойынша дәрістер курсы мен практикалық сабақтарда, білім алушылардың өздік жұмыстарын жазуда; материалдық емес мәдени мұраларды сақтау бойынша жүргізілетін жұмыстарда; насихаттау мақсатында арнайы телебағдарламалар жасауда пайдалануға болады. Сонымен қатар көшпелі өркеніет мәдениетін зерттеуде, танытуда және насихаттауда негіз ретінде пайдаланылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Зерттеу жұмысының практикалық ұсыныстары толықтай жаңа болып табылады. 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)
	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ғылыми зерттеу жұмысы диссертацияға қойылатын академиялық талаптарға сай жоғары сапада ресімделген. Ізденуші ғылыми стиль ерекшеліктерін толық сақтаған.

Қорытынды: Ізденуші Ишкалова Гульбану Исмагуловна философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша Доктор дәрежесін алуға лайықты.

Ресми рецензент:

**Тарих ғылымдарының кандидаты,
философия ғылымдарының докторы, ЖАК доценті
КеАҚ «Нархоз университеті»
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)**



Шаханова Нуриля Жаксыбековна
(Аты-жөні)